

өкімдеріне және өзгеде нормативтік құқықтық актілерге; Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414 V ҚРЗ, «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы заңы және салалық Ұжымдық шартқа сәйкес жүзеге асырады.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерге сәйкес мамандардың құқықтары мен міндеттері, атқаратын лауазымдық өкілеттіліктері бекітілген. Ұжымдық салалық шарт функциялары ҚР нормативтік құқықтық актілеріне және Конституцияға сәйкес келеді. Аталған қызметкерлердің қызмет өкілеттілігінен асатын, құқықтары мен бостандықтарын шектейтін нормалар жоқ, сондай-ақ қызметтеріне келтіретін нормалар анықталған жоқ.

01.01.2024 – 25.05.2024 жыл кезеңінде бұйрық тіркелді. Тіркелген бұйрықтарда сыбайлас жемқорлықтың туындауына әсер ететін нормалар анықталмады.

Ұсыныстар:

ҚР жоғары тұрған нормативтік құқықтық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда Исатай аудандық ауруханасында қолданылатын Ұжымдық салалық шартқа тиісті деңгейді қажетті өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отыру;

Исатай аудандық ауруханасының штаттық кестесі және құрылымдық бөлімшелері жыл сайын Байқау кеңесімен бекітіледі. Талдау жүргізу кезеңінде жалақы қорының жалпы саны 307 адам, оның ішінде 34 жоғары буын қызметкері (дәрігерлер), 181 орта буын қызметкерлері (мейірбикелер), кіші буын қызметкерлері (тазалықшылар) және қосалқы қызметкерлер.

2024 жылға аудан бойынша 1 рентгенолог, 1 невропатолог, 3 ЖТД дәрігеріне қажеттілік туындап отыр.

Қажеттілікті жою мақсатында электронды «Еңбек КЗ» порталы арқылы бос лауазымға сұраныс жарияланып, жоғары медициналық оқу орындарына арнайы сұраныс берілген.

Жұмыс режимі - ауысымдық және екі демалыс күні бар бес күндік жұмыс аптасы белгіленеді.

Кәсіпорынның алқалы басқарушы органы ретінде Байқау кеңесі құрылған.

Басшылық лауазымдар; 1 уақытша міндетін атқарушы 3 аға дәрігер, 1 бас есепші, 2 директордың орынбасары оның ішінде; (1 директордың емхана ісі жөніндегі орынбасары, 1 директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары), басшылық лауазымдар арасында-жақын туыстарының, жұбайлары мен жекжаттарының бірге қызмет істеуіне жол берілмеу талабы сақталған.

2024 жылдың наурыз - мамыр айлары аралығында, 1 акушер, 9 мейірбике жұмысқа қабылданған. Қабылданған қызметкерлермен келісім шарт жасакталған.

Еңбек Кодексінің 30 бабының 1 тармағының 2 тармақшасы және 33, 34, 35, 36 баптарының талаптары сақталған.

Ұсыныстар:

Мамандар қызметке қабылданғанда лауазымдық нұсқаулықпен танысуын қамтамасыз етуді қадағалау;

Еңбек.kz порталына қызметкерлермен жасакталған еңбек шарттар, оларға енгізілетін өзгерістер, олардың тоқтатылуы туралы ақпаратты уақытылы енгізу;

Еңбек тәртібін бұзу немесе өзге бұзушылықтар аныкталған жағдайда кінәлі тұлғалардың жауаптылығын қарастыру.

Іс жүзінде қызмет етпейтін тұлғалардың болуына жол берілмей еңбекақы төлеудің алдын алу.

Исатай аудандық ауруханасы у.м.а



Handwritten signature in blue ink.

И.Н.Кабулова

«Атырау облысы Денсаулық сақтау басқармасының Исатай аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынына іс жүзінде қызмет етпейтін тұлғалардың болуына жол берілмей еңбекақы төлеудің алдын алу бойынша ішкі талдау анықтамасы.

10 наурыз 2024 жыл

Аққыстау селосы

Талдау жүргізуге негіз: Исатай аудандық ауруханасының (бұдан әрі текст бойынша – Кәсіпорын) 2024 жылғы 28 наурыздағы №62 бұйрығы негізінде арнайы жұмыс тобы құрылды.

Талдаудың мақсаты мен міндеті: Іс жүзінде қызмет етпейтін тұлғалардың болуына басшы қызметкерлердің қоса алғанда жол берілмей оларға еңбекақы төлеудің алдын алу.

Талдау мерзімі: 10.03.2024 – 25.05.2024 кезең аралығы.

Талдау жүргізу уақыты: 2023 жылдың 10 наурыздан – 25 мамыр аралығы.

Жұмыс тобының құрамы:

1. Измайлова Нургул Кабуловна (директордың емхана ісі жөніндегі орынбасары – жұмыс тобы төрайымы).
2. Абежанов Жеңісбек Кадирбекович (директордың емдеу ісі жөніндегі орынбасары)
3. Батырбекова Бәбек Батырбекқызы (заңгер, комплаенс офицері)

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығында көрсетілген негізгі бағыттарға сәйкес сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізілді.

Жұмыс тобы сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау бойынша і жүргізілді:

Іс жүзінде қызмет етпейтін тұлғалардың болуына жол берілмей еңбекақы төлеудің алдын алу.

Мекеменің қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Мекеме өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен Заңдарына, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілеріне, облыс, аудан әкімдіктерінің қаулылары мен әкімдерінің шешімдеріне,